

Наурызбайқызы Гүлдананың «8D02304 - Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Дискурстың ұлттық ерекшеліктері (қазақ, орыс, ағылшын тілі материалдары негізінде)» диссертациялық жұмысына

ПІКІР

Дискурс – тілдің әлеуметтік, мәдени, прагматикалық қырын қамтитын, тілдік бірліктердің нақты жағдаяттағы қолданысын сипаттайтын кешенді құбылыс. Дискурсты зерттеу барысында сөйлеуші мен тыңдаушының қарым-қатынасы, сөйлеудің жағдаяттық және мәдени мәнмәтіні, тілдік таңбаның астарындағы ұлттық-мәдени мазмұн, прагматикалық мақсаттар мен ықпал ету тетіктері айқындалады. Дискурс арқылы тілдің тек құрылымдық емес, коммуникативтік және мәдени қызметі айқындалады.

Дискурс этносқа тән ойлау жүйесін, қарым-қатынас стилін, құндылық бағдарларын бейнелейді. Дискурс – тілдің қоғаммен, мәдениетпен, адаммен өзара байланыстағы нұсқасы. Сондықтан тілдің жай жүйесін емес, дискурсты зерттеу қазіргі ғылым үшін әлдеқайда ауқымды әрі құнды бағыт болып табылады.

Әрбір этнос өз болмысын, дүниетанымын, құндылықтар жүйесін тіл арқылы танытады, ал дискурс осы ұлттық дүниетанымның көрінісі ретінде қызмет етеді. Сондықтан дискурсты ұлттық сипатта зерделеу тіл мен мәдениеттің өзара байланысын терең түсінуге мүмкіндік береді. Осы бағытта дайындалып, қорғауға ұсынылып отырған зерттеу жұмысы қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі дискурстың ұлттық ерекшеліктерін салғастыра талдауға арналған. Бұл, біріншіден, әр халықтың коммуникативтік мінез-құлқын, сөйлеу дәстүрлерін, әлеуметтік нормаларын айқындайды; екіншіден, мәдениетаралық коммуникацияда кездесетін түсінбеушіліктерді азайтуға ықпал етеді; үшіншіден, қазіргі жаһандану жағдайында ұлттық дискурс ерекшеліктерін сақтаудың маңызын көрсетеді.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі дискурстың әмбебап заңдылықтарын анықтаумен қатар, әр тілдік қауымдастыққа тән этномәдени кодтар мен прагматикалық ерекшеліктерді жүйелі түрде саралау қажеттігімен айқындалады. Қазақ, орыс, ағылшын дискурстарын салғастыру түрлі мәдениеттердің өзара ықпалдастығын түсінуге мүмкіндік береді, әрі әр тілдің мәдени коды, этникалық болмысы айқындалып, ұлттық коммуникацияның өзіндік сипатын сақтауға жол ашылады. Сондықтан қорғауға ұсынып отырған докторлық диссертация тақырыбы өзекті.

Зерттеу жұмысының бірінші бөлімінде диссертант дискурстың ұлттық ерекшеліктерін зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздерін дискурсты зерттеудің 4 басты бағытына (құрылымдық, әлеуметтік-лингвистикалық, когнитивтік және коммуникативтік-прагматикалық) сүйене отырып анықтаған. *Дискурс* терминінің осы бағыттарға сай ғылыми зерттеулердегі анықтамаларын салыстыра, салғастыра талдап, дискурсты зерттеу бағыттары

мен тәсілдерін сипаттаған. *Дискурс* пен *мәтіннің* арақатынасын талдап, екеуінің айырым белгілерін айырықшалаған. Дискурстың ұлттық ерекшеліктерін қазақ, орыс, ағылшын тіліндегі көркем мәтіндерді талдау арқылы анықтайтындықтан, көркем мәтіннің дискурстық және мәтіндік сипатын зерделеген. Дискурсты зерттеудің ғылыми айналымдағы тәсілдерін (коммуникативтік, құрылымдық-синтаксистік, құрылымдық-стилистикалық, әлеуметтік-прагматикалық) сипаттап, оларды жүйелеп, кестеге түсіріп, өз зерттеуінде аталған бағыттарға сай тәсілдер мен зерттеу ұстанымдарын интегративті-кешенді сипатта қолданатынын нақты таңдап, негіздеген. Сонымен бірге бұл тарауда *ұлттық ерекшелік* ұғымының ғылымдағы, нақты айтқанда, конструктивтік, этносимволизм, психоәлеуметтік, коммуникативті-дискурстық, семио-мәдени, әлеуметтану бағыттары бойынша түсіндірмелері зерделеніп, нақтыланған. Соған сүйене отырып *ұлттық ерекшелік* ұғымының когнитивтік, лингвомәдени, дискурстық аспектілеріне талдау жасалған. Г.Хофстеде ұсынған мәдениетті алты өлшем арқылы сипаттау тәсіліне сүйене отырып, салғастырылып отырған зерттеу нысанындағы айырмашылықтарды саралаған.

Екінші бөлімі қазақ, орыс, ағылшын көркем мәтіндеріндегі отбасы дискурсының ұлттық ерекшеліктерін талдауға арналған. Диссертант *отбасы* дискурсының концептілік аясын қазақ тілінде О.Бөкейдің «Атау кере», орыс тілінде Л.Толстойдың «Детство. Отрочество. Юность», ағылшын тілінде Т.Гардидің «Tess of the d'Urbervilles» туындыларының көркем мәтіндерін талдау және концептілерді (туыстық қатынас, этикалық-моральдық, салт-дәстүр, кеңістік пен символға қатысты және ұлттық мәдени кодты білдіретін) өзара салғастыру негізінде саралаған. Зерттеу нысанына алынған көркем мәтіндердегі отбасы дискурсындағы қарым-қатынастың көрінісіне прагмалингвистикалық талдау жасап, сөйлеу актілері мен олардың атқарып тұрған қызметіне, пресуппозициясы мен имплицатурасына сипаттама беріп, нақты мысалдарды талдау негізінде дәйектеген. Сонымен қатар бұл бөлімде отбасы дискурсындағы ұлттық психологияның тілдік репрезентациясын да салғастырылған үш тілдегі көркем мәтінді талдау арқылы зерделеген, нақты қорытындылар жасалып, кестеленген.

Үшінші бөлімде «Отбасы» концептісінің қазақ, орыс, ағылшынтілді респонденттер санасында ассоциациялану ерекшеліктерін анықтау мақсатында жүргізілген эксперимент сипатталып, алынған нәтижелер талданған. Сондай-ақ қазақ, орыс, ағылшын отбасындағы ұлттық ерекшеліктерді танытатын сөйлеу үлгілері мен сыпайылық формаларын, лақап сөздер мен тыйым салынған тақырыптарды, ритуалды сөйлеу элементтерін анықтау мақсатында үш мәдениет өкілдерінен жазып алынған ауызша сұхбат материалдары жинақталып, талданып, қорытындыланған.

Зерттеу жұмысының жаңалығы мен алынған нәтижелердің теориялық және практикалық маңызына төмендегі жетістіктерін жатқызуға болады: 1. Диссертациялық жұмыста қазақ, орыс және ағылшын отбасы дискурстары алғаш рет салыстырмалы тұрғыдан талданып, олардың ұлттық ерекшеліктері анықталған. 2. Зерттеу барысында дискурстың ұлттық сипатын айқындайтын

теориялық-әдіснамалық негіздер жүйеленіп, «дискурс» терминіне берілген ғылыми анықтамалар әртүрлі бағыттар мен тәсілдерге сәйкес сараланып, топтастырылған. 3. «Ұлттық ерекшелік», «ұлттық бірегейлік» ұғымдары дискурспен байланыста қарастырылып, оларға ғылыми анықтама ұсынылған. 4. Ұлттық ерекшеліктің когнитивтік, лингвомәдени және дискурстық аспектілері өзара сабақтастықта талданып, отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріндегі тұжырымдар негізінде қазақ, орыс, ағылшын тілдік деректерімен дәйектелген. 5. Зерттеуде «отбасы дискурсы» терминіне анықтама беріліп, ол институционалды дискурстың түрі ретінде қарастырылып, қазақ тіліндегі О.Бөкейдің «Атау кере», орыс тіліндегі Л.Толстойдың «Детство. Отрочество. Юность», ағылшын тіліндегі Т.Гардидің «Tess of the d'Urbervilles» шығармалары негізінде үш тілдегі отбасы дискурсына тән концептілік өріс салыстырылып, жүйеленіп, кестеге түсіріліп, ортақ және айырым белгілері тұжырымдалған. 6. Отбасы дискурсы этномәдени құндылықтар мен ұлттық дүниетаным көрініс табатын коммуникативтік кеңістік ретінде сипатталып, таңдалған көркем мәтіндерге прагматлингвистикалық талдау жасалып, сөйлеу актілері мен функциялары (бұйыру, өтіну, мәлімдеу, сұрақ қою, жауапкершілікті арттыру, кінә тағу), сондай-ақ пресуппозиция мен импликатура элементтері анықталып, олардың мәдени шарттылығы, қарым-қатынас сипаты, сөйлеу мақсаты мен эмоциялық реңкі сараланған. 7. Отбасы дискурсындағы ұлттық психологияның тілдік көрінісі алғаш рет зерделеніп, фразеологизмдер, мақал-мәтелдер мен грамматикалық формалар арқылы үш тілдегі таңбалану ерекшеліктері салыстырылған. 8. «Отбасы» концептісінің қазақ, орыс және ағылшын тілді респонденттердің (жалпы саны – 300) санасындағы ассоциациялану ерекшеліктері еркін, бағытталған және тізбектелген ассоциативтік эксперимент нәтижелері бойынша анықталып, ғылыми тұрғыдан талданған. 10. Диссертацияның тағы бір ғылыми жаңалығы – қазақ, орыс және ағылшын отбасы дискурсының ұлттық ерекшеліктерін айқындау мақсатында алғаш рет 70 қатысушыдан алынған, жалпы ұзақтығы 4 сағат 20 минут болатын жартылай құрылымдалған сұхбаттар таспаланып, салыстырмалы талдау жасалып, қорытындыланған. 10. Әртүрлі мәдениеттерде отбасы құндылықтарын бейнелейтін тұрақты сөз тіркестері мен дискурстық стратегиялардың ұқсастықтары мен айырмашылықтары эмпирикалық зерттеу нәтижелері негізінде жүйеленген. 11. Үш тілдегі көркем мәтіндер мен эмпирикалық материалдар сабақтастырыла қарастырылып, олардың нәтижелері өзара байланыста талданған. 12. Шаңырақ, ана, әке, родня, home, family сияқты негізгі концептілердің ұлттық-мәдени мазмұны дискурстық талдау арқылы жаңаша пайымдалған. 13. Зерттеу нәтижесінде дискурстың ұлттық ерекшеліктерін айқындайтын өлшемдер жүйеленіп, ұлттық дискурс типологиясын толықтыратын жаңа деректер ұсынылған.

Зерттеу нәтижелерінің *теориялық маңызы* дискурс теориясын жаңа әдіснамалық бағдармен толықтыруынан, дискурстың ұлттық ерекшеліктерін тануға арналған ұғымдық аппаратты жүйелеуінен және тіл мен мәдениеттің сабақтастығын айқындауға қосқан үлесінен көрініс табады. Қазақ, орыс және

ағылшын тілдерінің материалдары негізінде жүргізілген салғастырмалы талдаулар интердискурсивті және кросс-мәдени зерттеулердің ғылыми базасын кеңейтіп, антропоэекті бағыттағы тіл білімінде дискурс пен ұлттық дүниетанымның өзара байланысын зерделеудің жаңа қырларын ашады.

Практикалық маңызы жұмыста жинақталған көркем мәтіндер, ассоциативтік эксперимент пен сұхбат материалдары дискурс талдауға арналған оқу құралдары мен әдістемелік нұсқаулықтарды әзірлеуге жарамдылығымен анықталады. Алынған нәтижелер аударматану, мәдениетаралық коммуникация және лингводидактика салаларында қолдануға қолайлы. Ұлттық құндылықтарды бейнелейтін отбасы дискурсына тән концептілер қазақ тілін шет тілі ретінде оқытуда тиімді дереккөз бола алады. Сондай-ақ фразеологизмдер, мақал-мәтелдер мен грамматикалық формалардың ұлттық дүниетанымды танытудағы қызметі этнолингвистика мен лексикография үшін практикалық база қалыптастырады. Ассоциативтік эксперименттің нәтижелері психолингвистикалық және әлеуметтік лингвистикалық зерттеулерде қосымша дерек ретінде пайдаланылуы мүмкін. Жалпы алғанда, зерттеу тұжырымдары мәдениетаралық диалогты жетілдіруге, көптілді ортада ұлттық құндылықтарды өзара түсінуді қамтамасыз етуге, сондай-ақ тіл мен мәдениетті сабақтастыра зерделейтін зерттеулерді дамытуға ықпал етеді.

Ізденуші докторантурада оқу барысында және диссертациялық жұмысты дайындау кезінде ғылыми деңгейінің, кәсіби құзыреттілігінің жоғарылығын танытты. Жұмыстың нәтижелері 5 мақалада жарияланды. Оның біреуі Scopus мәліметтер қорына кіретін International Journal of Society, Culture & Language, Процентиль 89%, Q 1 болатын ғылыми журналда жарық көрді. Қалған 2 мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда және 2 мақала халықаралық ғылыми конференция жинақтарында, оның ішінде біреуі шетелде өткен конференция материалдарының жинақтарында жарияланды.

Қорыта айтқанда, Наурызбайқызы Гүлдананың диссертациялық жұмысы «8D02304-Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға қойылатын барлық талаптарға жауап береді. Ғылыми жұмыстың жазылу деңгейі мен теориялық және практикалық құндылығын ескере отырып, ізденуші Наурызбайқызы Гүлданаға «8D02304-Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайық деп есептейміз.

Ғылыми кеңесші

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті,

Теориялық және қолданбалы тіл білімі

кафедрасының профессоры, филология

ғылымдарының докторы

Садирова К.К.

30.05.2025

